


Жалпы орта білім беретін  
Шипов мектебі

# "Информатика дарабозы"

сабақтан тыс шара  
(6-7 сынып)

Өткізген:  
Кенжебаева Э.Т.



# Мақсаты:

- **Білімділік:** оқушылардың информатика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру, танымдық іс - әрекеті мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.
- **Дамытушылық:** ойлау қабілеттерін дамыту, сөз мәдениетін жетілдіру, шығармашылық ізденістерін арттыру.
- **Тәрбиелік:** өз білімдерін дамытуға, бір-бірін құрметтеуге, информатика тарихын білуге тәрбиелеу.

# Жарыс кезеңдері:

- I. “Бәйге”
- II. “Тіл - өнер”
- III. “Көкпар”
- IV. “Адасқан әріптер”
- V. «Кім жылдам?»
- VI. “Жорға”
- VII. Марапаттау.

## I кезең «Бәйге» Бұл бөлімде

ойыншыларға сұрақтар қойылады. Жауап нақты, тез болу керек. Қай оқушы қолындағы жұлдызшаны бірінші көтереді, сол ойыншы жауап береді. Әр дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі.

**1. Ақпараттың неше түрі бар?**

**(5 түрі бар)**

**2. Ақпараттық процестерді атаңыз. (сақтау, өңдеу, жеткізу).**

**3. Компьютердің негізгі құрылғыларына не жатады?**

**(жүйелік блок, монитор, пернетақта, тышқан)**

**4. «Ақпарат» сөзі латынның қандай сөзінен шыққан?**

**(informatio)**

**5. Пернетақтаның неше пернесі бар?**

**(104 пернесі бар)**

## 6. Алғашқы есептеу құрылғысы? (саусақтар)

7. Компьютердің миы. (процессор)

8. Жалпы желіге қосылу үшін қажетті құрылғы (Модем)

9. Адам мен компьютер арасындағы қарым – қатынас  
(Интерфейс)

10. Вирустың кері әсерін жоятын программа (Антивирус)

## II кезең “Тіл өнері”

Бұл бөлімде жұмбақ беріледі. Жауабын тауып, сөзді орысшаға, ағылшынға аударасыздар. Бір тілде жауап берсе 10 ұпай, екі тілде жауап берсе 20 ұпай, 3 тілде жауап берсе 30 ұпай қосылады

1. Төртбұрышты әйнек,  
Тұнып тұрған әлек. (монитор - монитор)
2. Ұзын тұра Жалқаубек,  
Тұрмай ылғи жатады.  
Қозғала қалса артынан,  
Ешбір белгі қалмайды. (бос орынпернесі - пробел - blank)
3. Бұта қорнында мың бір инесі,  
Компьютер жаны мекені (кактус - cactus – тікенекгүл)
4. Тетігін бассаң алаңсыз,  
Жазады қалам, қағазсыз (пернетақта - клавиатура - keyboard)
5. Батырмасын басасың  
Қажетті файлды ашасың (тышқан - мышка - maus)



6. Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,  
Ұзындығы жазулы тұр бойында. (сызғыш, линейка, a ruler)

7. Қабат-қабат қаттама

Ақылың болса аттама. (кітап, книга, book)

8. Түйеқұс таразыда бір аяғымен тұрғанда 12 кг. тартады.  
Ал егер екі аяғымен тұрса, қанша тартады?

(он екі, двенадцать, twelve)

9. Жақтаулар арқылы шектеледі  
Бейнебетте төртбұрыш болып бейнеленеді.

(терезе, окно, windows)

## III кезең “Көкпар”

Бұл бөлімде логикалық есептер беріледі дұрыс жауапқа 10 ұпай. Және осы бөлімнің қорытындысы бойынша аз ұпай жинаған 3 оқушы ойыннан шығады.

1. Бөлмедегі әр бұрышта бір мысықтан және оған қарама – қарсы үш мысықтан отырса, бөлмеде неше мысық бар?

4

2. Үстел үстінде үш стакан шиелі тұр.

Марат бір стакан шиелі жеп қойды.

3 стакан

Неше стакан қалды?

3. Үш ат жегілген шана бір сағатта 15 км жүріп өткен.

Әрбір аттың жылдамдығы қандай еді?

(15км/сағ)

4. Допты лақтырғанда, доп сол ізі мен

кері қайту үшін оны қалай лақтыру керек?

жоғары

5. Қараңғы бөлмеде майшам мен керосин лампасы бар.

Бірінші не жағасыз?

шырпы

6. Баспалдақ 15 басқыштан тұрады. Баспалдақтың ортасында

тұру үшін нешінші басқышта тұру керек?

8

## IV кезең “Адасқан әріптер”

Бұл кезеңде информатикаға қатысты сөздер берілген.

Осы адасқан әріптер арқылы дұрыс сөз құрастыру.

Дұрыс жауапқа 5 ұпай.

1. Нимотор -----

2. Пьюромтек -----

3. Енрепатқат -----

4. Лайф -----

5. Рльоукятакл -----

6. Атқсуа -----

7. Аэкторикелн -----

8. Дңеөу -----

## V кезең “ Кім жылдам?”

Берілген торкоздердегі  
әріптерден  
информатикаға қатысты  
атауларын табар екен?



М	К	А	К	О	М	П
О	Н	К	С	Т	Н	Ь
В	И	Т	У	Ы	А	Ю
И	Т	О	Р	Ш	Қ	Т
Р	П	С	К	А	Р	Е
У	Е	Е	Т	Н	Е	Р
С	Р	Н	А	Қ	Т	А

## VI. кезең “Жорға”

Қалған 2 оқушыға 10 - 10 –  
нан сұрақтар оқылады көп  
ұпай жинаған оқушы  
“Информатика дарабозы”  
атанады.



1. Ақпаратты қағазға басып шығаратын құрылғыны қалай атаймыз? **(Принтер)**

2. Қағаздағы ақпаратты компьютерге тікелей енгізетін құрал

**(Сканер)**

3. Компьютердің ақыл ойы? **(Процессор)**

4. Терезенің орысша атауы? **(Окно)**

5. Сурет салуға арналған графикалық редактор? **(Paint)**

6. Алғашқы есептеу құрылғысы **(Саусақ)**

7. Ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі **(Бит)**

8. Бір байта неше бит бар? **(8)**

9. Алгоритмнің графиктік түрде бейнеленуі **(Блок - схема)**

10. Компьютерге зақым келтіретін арнайы шағын программа **(Вирус)**

## 2 оқушы

1. ЭЕМ - мен жұмыс жасау кезінде экраннан қанша қашықтықта отыру керек? (60 - 70)
2. «Paint» қандай редактор? (графиктік)
3. Ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі (Бит)
4. «Ақпарат» сөзі қай тілден шыққан? (Латын)
5. Дүниежүзілік желі? (Интернет)
6. Бас әріптер режимін іске қосу пернесі? (CapsLock)
7. Екілік санау жүйесінің сандары? (0 мен 1)
8. Компьютердің миы (Процессор)
9. Вирусты жоятын программа (антивирус)
10. Дыбыс жазу құрылғысы (Микрофон)



*Назарларыңызға  
рахмет!*